

КЕЛІСІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің
«Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК
директоры

« dd » 02 2024 ж.
Л. Разбек



БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы

« dd » 02 2024 ж.
С. Дауешова



ЕРЕЖЕ «КӘСІПТІК БІЛІМ: БОЛАШАҚ – БІЗДЕ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ КВЕСТ-ОЙЫНДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже Астана қаласы колледждері арасында «Тігін өндірісі және киім үлгілеу» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушылары және студенттері арасындағы «Кәсіптік білім: болашақ – бізде» атты қалалық квест-ойынның (бұдан әрі – Ойын) мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, өткізу тәртібін, қорытындылау және жеңімпаздарын анықтауды айқындайды.
- 1.2. Ойынды ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК.
- 1.3. Квест (ағылшынша quest - іздеу) ойыншылардан алға жылжу үшін мәселелерді шешуді талап ететін ойынның негізгі жанрларының бірі болып табылады. Ізденіс кәсіби білім мен дағдыны, жаңашыл ойлау мен ұшқыр ойды талап етеді. Квест ойыны берілген кәсіби міндеттерді ұжымдық шешу дағдыларын меңгеруге, топ мүшелерін біріктіруге, жеңіске деген құштарлықты тәрбиелеуге, тұрғылықты жерде жылдам танып білуге бағытталған.

II. ОЙЫННЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Ойынды өткізу мақсаты:
 - кәсіби ынтымақтастық аясын кеңейту, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби құзыреттіліктерді дамыту және кәсіптің беделін арттыру.
- 2.2. Ойынның міндеттері:
 - кәсіптік білімді кеңейту және жалпылауға ықпал ету;
 - ойынға қатысушылардың интеллектуалдық әлеуетін және эрудициясын ашу;
 - ортақ іске қатыстылық сезімін дамыту.
- 2.3. Ойын еріктілік, ашықтық, объективтілік, кәсіби өзара көмек көрсету принциптерінде өткізіледі.

III. ОЙЫННЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН КҮНІ

- 3.1. Өткізілетін орны: Астана қаласы, С.Сейфуллин көшесі 59, Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК.
- 3.2. Күні мен уақыты: 2024 жылғы 28 наурыз, басталуы сағат:10.00.
- 3.3. Өткізу нысаны: офлайн.
- 3.4. Ойынды өткізу тілдері: қазақша, орысша

Осы ереженің бекітілуі туралы хабарлама

IV. ОЙЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Ойынға қатысатындар:

- колледжден «Тігін өндірісі және киім үлгілеу» мамандығы бойынша II және III курс 3(үш) студентінен тұратын 1 команда;
- «Тігін өндірісі және киім үлгілеу» мамандығы бойынша 1 арнайы пәндер оқытушысы (немесе өндірістік оқыту шебері).

4.2. Ойынға қатысу үшін өтінішті:

- колледж студенттерінің командасы үшін (№ 1 қосымшаға сәйкес);
- педагог үшін (№2 қосымшаға сәйкес) беру керек.

Өтініштер 2024 жылдың 12 наурызынан кешіктірмей tipokonkurs@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

4.3. Студенттер командасы үшін ойында көрсетілген маршрут бойынша 5-8 тапсырма қарастырылған.

Орындалған тапсырмаларды бағалаудың негізгі критерийлері:

- кәсібилік;
- шығармашылық;
- жылдамдық;
- ұқыптылық;
- топта жұмыс істеу дағдылары.

4.4. Педагогтерге тігін өндірісінің және киім үлгілеудің теориясы мен тәжірибесімен байланысты 5 жазбаша тапсырма қарастырылған.

4.5. Ойын барысында ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.

4.6. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Нағима Сәткенқызы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МККҚ техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, ұялы тел:8(701) 6447318;
- Бережная Лилия Шамильевна, Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары ;
- Парашина Татьяна Викторовна, «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу», «Дизайн», «Шаштараз және сәндік косметика» арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қауымдастығының жетекшісі, Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК арнайы пәндер оқытушысы, ұялы телефон 8(702)1916946.

V. ОЙЫННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

5.1. Ойынның қорытындысын шығару үшін Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының, әлеуметтік серіктестіктердің, ата-аналар қоғамдастығының, қаладағы киім тігу кәсіпорындарының өкілдерінен, ардагерлер мен ТжКББ тәжірибелі педагогтерінен қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МККҚ басшысы бекітеді.

5.2. Колледж студенттері командалары және педагогтері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.3. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

**Астана қаласы колледждері арасында «Тігін өндірісі және киім үлгілеу» мамандығы
бойынша педагогтер мен студенттер арасындағы
«Кәсіптік білім: болашақ – бізде» атты қалалық квест – ойынына қатысуға
өтінім**

Білім беру ұйымының толық атауы	Қатысушылардың (студенттер) тегі, аты (толық)	Команданың атауы	Қатысушыларды дайындаған педагогтің тегі, аты-жөні	Топ жетекшісінің байланыс телефоны
	1. 2. 3.			

Білім беру ұйымының толық атауы	Педагогтің тегі, аты (толық).	Лауазымы	Байланыс телефоны

Директор _____

Күні _____